

**«Масс-медиа туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын  
талқылау қорытындысы бойынша Алматы қаласында өткен  
Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жанындағы  
Қоғамдық палата отырысының  
ҰСЫНЫМДАРЫ**

2023 жылғы 24 қарашада Алматы қаласында VIII сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жанындағы Қоғамдық палатаның көшпелі отырысы өтті.

Отырыста «Масс-медиа туралы» Қазақстан Республикасы Заңы жобасының негізгі ережелері талқыланды.

Қоғамдық палата мүшелері жаңа заң бірінші кезекте азаматтардың сөз және шығармашылық бостандығына конституциялық құқығын қамтамасыз етуі керек деген пікірге келді. Бұл бостандықтың қажетті шарттары елдің ақпараттық егемендігі, БАҚ-ты құқықтық қорғау, отандық медиа-индустрияны дамыту болып табылады.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жанындағы Қоғамдық палата мынадай **ҰСЫНЫМДАР БЕРУДІ** орынды деп есептейді:

**Әлеуметтік-мәдени даму (бас) комитеті уәкілетті мемлекеттік органдармен бірлесіп:**

- Үкімет құзыреті ақпарат саласында мемлекеттік саясатты жүргізу кезінде ведомствоаралық үйлестіру жөніндегі өкілеттіктермен толықтырылсын;

- мерзімді баспа өнімдерін шығаратын баспаларды қосылған құн салығынан босату мүмкіндігі қарастырылсын;

- заң жобасына тиісті реттеуші нормалар енгізіле отырып, қоғамдық теледидар құру туралы мәселе қарастырылсын;

- уәкілетті органның құзыреті бұқаралық ақпарат құралдарының және журналистердің ақпаратты тарату саласындағы конституциялық құқықтарын қорғау туралы өкілеттіктермен толықтырылсын;

- заң жобасынан 29-бапты (баспасөз картасы) алып тастау туралы мәселе қарастырылсын;

- заңнамалық деңгейде қағаз және электрондық БАҚ контентін, мемлекеттік органдардың ресми және өзге де хабарламаларын сақтау және мұрағаттау туралы мәселе пысықталсын;

- заң жобасының 1-бабының 38) тармақшасындағы ұғым нақтылап берілсін (редакциялық тұрғыдан нақтылансын) («моральдық құндылықтарға сәйкес келмейтін, адамның ар-ожданы мен қадір-қасиетін қорлайтын жыныстық қажеттіліктер»). Заңда педофилия қамтылатын контент туралы түсініктің де бөлек жазылғаны жөн;

- заң жобасының 9-бабы (Масс-медиа саласындағы мемлекеттік реттеу) жаңа тармақпен толықтырыла отырып, БАҚ-ты есепке алу бойынша статистика жөніндегі уәкілетті органның құзыреті көзделсін;

- заң жобасының ұғымдық аппаратында «масс-медиа» ұғымы мынадай редакцияда жазылсын: «масс-медиа – бұқаралық ақпарат құралы және адамдардың кең тобына жаңалықтар мен мақалаларды үнемі жариялап отыратын, бірақ желілік басылым ретінде тіркелмеген интернет-ресурс»;


- заң жобасының 5-бабы 4-тармағының үшінші бөлігі алынып тасталсын (*телеарналарда тарату кезінде телебағдарламалар мен фильмдерді субтитр түрінде аудару мемлекеттік тілдегі телебағдарламалардың жалпы көлемінде есепке алынбайды*);

- Қазақстан Республикасындағы бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі – заңды тұлғаның шетелдіктер басқара алатын акцияларын (үлестерін, пайларын) 49%-ға дейін шектеу көзделсін (*заң жобасының 14-бабы 2-тармағының бірінші бөлігінде – 20%*);

- заң жобасының 20-бабының 1-тармағы толықтырыла отырып, мерзімді басылымдардың электрондық даналарын Қазақстанның ұлттық электрондық кітапханасына және Ұлттық электрондық архивке тапсыру көзделсін (*Мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті даналары және теле-, радиобағдарлама материалдарын сақтау*);

- сайттарға кіруді және телеарналарды қарауды есептеу үшін БАҚ-тың жүйені басқару жөніндегі қызметін өздігінен реттеу мәселелері бойынша қоғамдық-кәсіби кеңестердің құзыреті көзделсін (*заң жобасының 40-бабы*).

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің жанындағы  
Қоғамдық палатаның төрағасы**

 **А. САРЫМ**